



# Жаңашылдыққа лайықты қадам

ЖОЛДАУЫ 220



**Биылғы жаңа оқу жылышын алғашқы күні, яғни 1 – қыркүйек Білім күнінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деген тақырыппен жаңыққа Жолдау жасады.**

Білім мен рухани жаңғыруға байланысты осыған дейінгі ізденістерімізді Елбасы нұсқаған дамудың жаңа мүмкіндіктері сапаландыра түседі деп санаймыз. Жолдауда адам капиталына байланысты жаңа ұснынтар айтылып, тын бағыттар көрсетілді. Сонын ішінде педагогика саласы мен мамандықтарын сапаландыруға байланысты тұжырымдар, білім мазмұнын замана талағына сай құруға қатысты ойлар, жаратылыштаны ғылымдары мен ақпараттық технологияларды озық жүйе аясында дамытуға қатысты байыттамағар сала мамандарының кокейінен шығып отыр.

Елбасының «білім беру саласын экономиканың жеке саласы ретінде дамыту керек» деген ойы да – жаңашыл және өзекті. Сондай-ақ университет ғылымына, жас ғалымдарды қолдауга қатысты маңызды тұжырымдар зор мүмкінді тұтынады деп сенеміз. Жолдауда «жастарды жаңа технологиялық қалыпта дайында» тезисі ерекше айтылды. Елбасы бастамасы елордадан өңірлерге дейінгі білім жүйесіне жаңсы ықпал етеді деген пікірдеміз. Барлық салада, әсіреле білім саласында отаншылдық, бәсекеге қабілетті білім, тәжірибе қай қындықтан болсын альп шығады.

Сондай-ақ, аталмыш Жолдауда коронавирус індетінің салдарынан дүние жүзіндегі мектеп

окушылары мен студенттердің басым көшілігі қашықтан окуға көшкені және бұл жұмыстың тәсілі мен мазмұнын тубегейлі өзгертуде толыққанды оқу үдерісі үшін, қажетті барлық қызмет бар, бірыңғай ондай білім беру платформасын шүгіл әзірлеу қажет екені басым айтылды. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай түлде оқыса да сапалы білім атты керек екені де сөз болды.

Президент өз сезінде, 2021 жылдың қаңтар айынан бастап мұғалімдердің еңбекақысын 25% көбейту жөнінде шешім қабылданғаны және жалақы мөлшері алдағы уақытта да арта беретін туралы айтты.

Жаңа буын толқыннан кәспікерлерді дайындаш шығуымыз керек, сол себепті мектептен ЖОО дейін «Кәсіпкерлік негізі» пәні оқытылуы қажет. Өскелеп үрпақтың спорттық және шығармашылық потенциалына баса назар аудару, «Балалар үйрмесін» қайта жаңғырту, балалардың энергиясы мен білуге құштарлышын тиімді пайдалану қажеттілігі жөнінде де сөз қозғалды. Сонымен қатар, бізге мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыту мәселесін шешу керек екені және 2025 жылға дейін 6 жасқа дейінгі балаларды 100 пайыз мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеумен қамту тапсырылды. Мемлекеттік балабақшалармән қатар жекеменшік балабақша санын да арттыру оны қаржыландаудың жаңа жүйесін ойлап табуымыз қажет деп баса тоқталып етті.

Сондай-ақ, жолдауда мамандардың айтуы бойынша мемлекет дарынды оқушылардыға ғана қолдаса, балалар арасындағы артуы мүмкін. Бұл жағдайды болдырмауымыз қажет. Осыған байланысты мемлекет «қарапайым» мектептерге қолдау көрсету керек. Бұл қала мен ауылдағы білім саласындағы алшақтықты женуге көмек береді. Халықтың сауаттылығын және сандық сауаттылығын арттыру мақсатында үкіметке үздіксіз білім алу концепциясын әзірлеуді тапсырамын. Бұл күжатта формальды емес білім алудың альтернативті нұсқасын белсенді енгізу, өз бетінше білім алу нәтижелерін есепке алу, кәсіби білігін сертификаттау мәселелері қарастырылуы керек екені айттылды.

Президент жолдауда ғылым саласын дамыту туралы да тоқталып етті. Бұл мәселеде бізге тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керек, сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажет

екені және үкіметке жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағызымдамадан өтүін қамтамасыз етуді, соңдай-ақ, «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлуді тапсырды. Ирі бизнес өкілдері өнірлік университеттердің ғылыми қызметін қамқорлыққа алса, нұр үстіне нұр болатындығын тілге тиек етті. Бізге елімізді ғылыми-технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі анаулы бағдарламалық құрқат қажет. Оның басты міндетті үлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуге ғылымның әлеуетін пайдалан болмақ.

Президент өз Жолдауында мектептердің білім беру сапасын арттыруды тапсырды. Осы міндетті орындау үшін біліктілігі жоғары мұғалімдерді даярлау жүйесін енгізу керек. Ал қолданыстағы жүйе, әсіреле, жоғары оқу орындарындағы білім сапасы жиі сынға алынады. Себебі, оқу бағдарламалары ескірген, жас мамандардың тәжірибесі де дүрыс үйімдестерилмайды. Бұдан тағы бір проблема туындаиды.

«Бұл мамандықты «әлсіз» түлектер таңдап, университетке түсіп, диплом алған соң, мектепке жұмысқа орналасады. Мұндай «маманнан» сабак алған оқушылар да «әлсіз» болады, мектептегі білімнің сапасы нашарлайды. Одан кейін осы оқушылар ЖОО-ға туседі. Нәтижесінде экономикаға әлсіз мамандар келеді. Міне, осы мысал мәселенің маңыздылығын көрсетеді. Қазіргі кезде осы саладағы білім беру бағдарламалары жаңартылып, педагогикалық іс-тәжірибелі үйімдестерінде жаңа жүйесін енгізілп жатыр. Бұдан бөлек мұғалім болып жұмыс істеуге кірісітін түлектердің дайындық деңгейін анықтастын арнағы емтихан да жетілдірлуде. Биылдан бастап педагогикалық мамандықтарға тусу үшін ең төменгі шекті балл 70-ке дейін көтерілді. Ал болашақ педагогтардың стипендиясы 42 000 теңгеге дейін өсті. «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Білім беру жүйесі жаңа сатыға қадам басуда.

Осы жолданған Жолдау өз бағыттымен іске асырылса, әлі талай белестерді бағындырарымыз анық.

**Р.ЖАНДИЛДИНА,  
Ы.Алтынсарин атындағы  
Арқалық педагогикалық ин-  
ститутының Мектепке дейінгі  
және бастауыш білім беру  
кафедрасының доценті.**